

3

«Тірі адамның
жүректен аяулы
жері бола ма?»



4

Қазақ боксының
қарымы



Сыр бойы

№140 (21016) 16 қыркүйек, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

БАС ХАТШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне қатысу үшін Астанаға арнайы келген Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы шейх Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исамен кездесті.

Президент еліміздің діндер арасындағы диалогты дамыту бас-тамасына ұдайы қолдау көрсетіп, бейбітшілік пен келісім идеяларын насихаттауға елеулі үлес қосып келе жатқан ұйым басшысына ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан ішкі және сыртқы саясатта дінаралық, сондай-ақ мәдениетаралық келісімді сақтауға ерекше мән береді. Президент 22 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылатын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі осының айқын көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар ортақ күш-жігердің арқасында Қазақстанның бастамасы жалаңдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға зор ықпал ететінін айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы Астанадағы дәстүрлі съезді адамгершілік құндылықтарын дәріптейтін ерекше пікір алмасу алаңы ретінде жоғары бағалап, еліміздің өсіп-өркендей беруіне тілектес екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы әлемдегі конфессияаралық келісімді нығайтуға және ислам өркениетінің кеңінен танытуға қосқан елеулі үлесі үшін Мұхаммед бен Абдулкарим Әл-Исаны I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ОТЫРЫС ӨТТІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және азаматтарға арналған цифрлық ортаны қорғау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыруды көздейтін міндет жүктегенін айтты. Бұл үшін кешенді шара қабылдау, соның ішінде киберқауіпсіздік саласында да ауқымды жұмыс атқару қажет.

Жыны барысында қазіргі заманғы киберқатерлер мен оған қарсы іс-қимыл әдістері, аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік индустриясын дамыту және кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды.

Кеңесте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев пен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев баяндама жасады.

Президент киберқылмыспен, соның ішінде кибералауыштықпен күрестің маңызына тоқталды. Сонымен қатар киберқылмыстарды тергеуге қатысатын мемлекеттік органдардың құзыретін арттыру шараларына баса назар аударды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жеке деректерін қорғауды және дербес мәліметтерді таратқаны үшін берілетін жазаны күшейтуді басты міндет ретінде атады. Сондай-ақ киберортадағы қауіпсіздік пен жауапты әрекет қағидаттарын халыққа кеңінен түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет.

Отырыс соңында Мемлекет басшысы стратегиялық тәуекелдерді азайтып, киберқауіпсіздік мәселелерін жүйелі түрде шешу мақсатында бірқатар шара қабылдауды тапсырды.

СЫЙЫ МОЛ СЫРДЫҢ ЖӘРМЕНКЕСІ



Қыркүйектің 13-14-і күндері Астана қаласында Қызылорда облысы тауарөндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі өтті.

Жәрменкеге 50 жүк көлігіне тиелген 60-қа жуық тауарөндірушінің құны 200 млн теңге болатын 500 тоннаға жуық өнімі апарылды. Атап айтқанда, 200 тоннадан астам күріш, 10 тонна ет, 20 тоннаға жуық балық, 160 тонна бақша өнімдері, 80 тоннадан астам көкөніс пен

жеміс-жидек, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері, 5 тонна ас тұзы жеткізілді. Сондай-ақ жәрменке аясында Сыр елінің өнерпаздары қатысқан мәдени-танымдық концерттік бағдарлама елордалықтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолға қойылған.

Осы жылдың 7 айында ауыл шаруашылығында 46,5 млрд теңгенің

өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 2,6%-ға артты.

Облыс бойынша 189,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді, атап айтсақ, дәнді дақылдар 92,9 мың гектар, майлы дақылдар 5,7 мың гектар, малазықтық дақылдар 73,3 мың гектар, картоп, көкөніс,



бақша 17,4 мың гектар. Үкімет бекіткен Жол картасына сәйкес 80,9 мың гектар жерге күріш себілді.

Шаруашылықтар егін жинауға қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанар-жағармай, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген.

Бүгінде егін жинау науқаны қарқынды жүруде. Ерте егілген дәнді дақылдар толық жиналып бітті. Қазір малазықтық, майлы дақылдармен қатар көкөніс, бақша және күріш жиналуда.

Аймақта мал шаруашылығын дамытуға жасалған қолдаудың нәтижесінде төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру ұлғайды. Облыс бойынша 2025 жылдың 1 тамызына 425,4 мың бас ірі қара, 830,3 мың бас қой мен ешкі, 270,7 мың жылқы, 66 мың түйе және 126,8 мың бас құс тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ірі қара 0,5%-ға, жылқы 9,7%-ға, түйе 1,2%-ға, құс 1,2%-ға артты.

Өндіріс ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты қарқынды дамып келеді. Биыл облыстан құны 18,8 млн долларды құрайтын 37,7 мың тонна өнім әлемнің 19 мемлекетіне экспортталды. Барлық экспортталған өнімнің 89,4 пайызын құрайтын күріш өнімі Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Грузия, Моңғолия және Ирак мемлекеттеріне жіберілді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аймақта инвестициялардың жол картасы әзірленіп, жалпы құны 57,1 млрд теңгені құрайтын 30 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар өңір экономикасын одан әрі өркендетуге бағытталған.

«СБ» ақпарат

/// кәсіп

«АРАЛДАҒЫ ДУБАЙ» немесе ауылдың құмын кәсіп көзіне айналдырған

Мемлекет басшысы әр Жолдауында туризмді дамытуға басымдық береді. Бұл жолы да туризмді еліміздің танымалдығын арттыратын ғана емес, экономикалық өсуін қамтамасыз ететін бағыттардың бірі ретінде айқындады. Өңірімізде де осы салада ауқымды шаралар атқарылуда. Бұл аймақтың, жалпы еліміздің мәдениетін, тарихын мен табиғатын әлемге таныстыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.



Сыр өңірі туралы айтқанда ойымызға алдымен Аралдағы Қамбаш көлі, Қармақшыдағы «Қорқыт ата» мемориалды кешені, «Байқоңыр» ғарыш айлағы келеді. Бұл қатарға биыл «Аралдағы Дубай» делініп жүрген Арал ауданының Шижаға елді мекені қосылды. Аудан орталығынан алыстау орналасқан Аққұм ауылдық округіне қарасты ауылдың құмын табыс көзіне айналдыра білген – жергілікті кәсіпкер Алтынғүл Жазықбаева.

Кейінкеріміз бұл кәсібін биыл мамыр айында өзінің қаражаты есебінен бастады. Аралдың құмды ауылында тыңға алғаш болып түрлен салған да – өзі. Өйтпесе, ауданда құмның ортасында отырған 7-8 ауыл бар. Арада көп уақыт өтпесе де, жазушы Бауыржан Омаров суреттегендей, су жаңа киіммен қанша аунасаң да, үстіңе ештеңе жүкпайтын бұл жердің шеге құмынан қуат алуға келетіндер көбейген.

– Адамдар көбіне Дубайға Сахара шөлін көру үшін барады ғой. Ауылымыздың құмды екенін ескеріп, мен де келушілерге арнап араб үлгісіндегі киімдер мен квалропиклерді жалға беруді дұрыс көрдім. Одан бөлек, жылқымен, түйемен серуендеуге болады. Ақшаңқан киіз үйлер орнатылған. Мұнда қазақтың ұлттық киімімен де фотосессия жасап, саяхаттағы әрбір сәтті естелікке айналыдыруға мүмкіндік бар. Бізге облыстың, еліміздің әр түкпірінен ғана емес, шетелдерден де қонақтар жиі келеді.

2-бет

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ТОЗУ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда обласы бойынша департаменті кезекті рет баспасөз турыны ұйымдастырды. Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бұл жолы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның қайта жаңғыртылған және жанарылған нысандарына барды. Атқарылған жұмыстар туралы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ бас инженері Шалқар Рақышев баяндап берді.



Компанияның 2021-2026 жылдарға арналған жалпы сомасы 12 855,9 млн теңге болатын инвестициялық бағдарламасы бар. Бағдарлама аясында негізгі қорларды жаңарту, жаңғырту, желілердегі апаттық жағдайды

азайту және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылып келеді.

2-бет

Валюта бағамы:

\$ 540,84 kzt

€ 634,46 kzt

₸ 6,43 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

+19°

+8°

Сәрсенбі

+21°

+10°

